


**2023 жылдың маусым айындағы іскерлік белсенділік туралы**  
**ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры**  
**Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Жеткізіліммен байланысты проблемаларға қарамастан, маусымда іскерлік белсенділік жақсарды. Индекс **51,1** құрап, оң аумақта қалды.

Көрсеткіш қызмет көрсету секторында (мамырдағы 51,1-ден **52,2-ге** дейін) және кен өндіру өнеркәсібінде жақсарғаны байқалды. Мұнда индекс **50,9-ды** (мамырда – 49,4) құрап, оң аймаққа өтті. Қызмет көрсетуде жеткізілім мерзімінен басқа барлық құрауыштар жақсарғаны байқалды. Ал кен өндіру өнеркәсібінде тауарлы-материалдық қорлардың көлемі айтарлықтай ұлғайды. Жаңа тапсырыс көлемі төмендеуі тіркелген өндіріс пен құрылыста іскерлік белсенділік тиісінше **48,4-ке** дейін (мамырдағы 49,9-дан бастап) және **47,7-ке** дейін (мамырдағы 49,2-ден бастап) біршама төмендегені байқалды.



Ағымдағы бизнес-жағдайларды бағалау біршама төмендегеніне қарамастан, бизнес-ахуал индексі аздап ұлғайды. Көрсеткіш қызмет көрсетуде айтарлықтай өсті. Бұл ретте өндірісте біршама төмендеу байқалады.

Осылайша, **ағымдағы және болашақ** бизнес-жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі** 16,0 болып (2023 жылғы мамырда – 15,3), бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші **өсу** аймағында қалды.

**Толығырақ:** <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>